

**Ресми рецензенттің 6D011400 – «Тарих» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Байгапанова Айгуль
Болатовнаның «Семей облысының әлеуметтік-экономикалық даму
тариҳы және әдістемесі (1939-1997жж.)» тақырыбында дайындалған
диссертациясына**

ПІКІР

**1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі мен жалпы ғылыми және
жалпыға ортақ мемлекеттік бағдарламалармен байланысы.**

Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алғанына ширек ғасырдан астам
уақыт өтседе, қазақ халқы мен елінің қалыптасқан тарихы ғасырлар
шежіресімен терең жалғасып жатқаны ақиқат.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін тарих беттерін қайта саралап зерттеу
батыл қолға алынуда. Мемлекет тарарапынан «Мәдени мұра» мемлекеттік
бағдарламасы қабылданып, мұрағат қорларындағы белгісіз тарихи
мұраларымызды зерделеудің тұтастай жүйесін құру жөнінде шаралар іске
асырыла бастады. Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен
қымбат» атты мақаласында «Тоталитарлық кезеңде ұлттық құндылығымыздан
айырылып қала жаздадық, Тәуелсіздік халқымыздың арқасында қайта оралды.
Өткен тарихымызға қайта оралып, оның мәдени-рухани құндылықтарын
ұлттық тұтастану факторы ретінде зерттеу қажеттілігін айқындап берді».

Осыған орай, Қазақ елі өзінің сан жылдар бойы аңсаған мемлекеттік
егемендігіне жетіп, тәуелсіз ел ретінде қалыптаса бастаған шақта ең бастысы
әлеуметтік-экономикалық дамудағы жіберілген кемшіліктерді қайтадан мән
беру бүгінгі күнгі талаптардан да туындал отырған мәселе.

А.Б. Байгапанованың диссертациялық тақырыбы Қазақстан
тарихындағы ең өзекті мәселелерге арналған. Себебі, бүгінде экономикалық-
әлеуметтік хал-ахуалды түбегейлі жақсарту үшін өткенді саралау өзекті болып
ottyр. Сондықтан, Семей облысының аталған тарихи кезеңге қатысты
мәселелерінің негізгісі - оның қандай шаралар жағдайымен
ұштастырылғандығын, экономикасы мен әлеуметтік ортасының қалыптасу
деңгейлілігін, даму ерекшеліктеріндегі жетістіктер мен керегарлықтардың
булу сипаттылығын анықтаумен сабактасады. Аймақтың әлеуметтік-
экономикалық даму жолына ғылыми талдау жүргізіп, оны тереңірек зерттеу
бүгінгі күннің кезегін күтіп тұрған маңызы зор, өзекті мәселе болып табылады
деп есептейміз.

Зерттеуші тақырып аясында көптеген ғылыми енбектерге сараптама
жасап, Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік мұрағаты, Абай
облысы, мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының Қазіргі
заман тарихын құжаттандыру, Шығыс Қазақстан облысының жаңа тарих
құжаттар орталығы корларындағы «Семей облыстық ауыл шаруашылық
басқармасы», «Облыстық енбекшілер депутаттары кеңесі», «Жана Семей

аудандық атқару комитеті» және т.б аталған мұрагат корларынан алғынан құжаттардан 1939-1997 жылдар аралығындағы экономика мен әлеуметтік дамуындагы табыстары мен тарылымдары жөнінде көптеген деректер қарастырылған.

Мұрагат құжаттары негізінде соғыстан кейінгі жылдардағы экономиканың барлық жетістіктері мен табыстары, жіберілген күтептіктері мен асыра сілтеулері жөнінде талдаулар жасалған.

Ұсынылған диссертация құрылымы зерттеу тақырыбын ашады. Диссертациялық жұмыс кірісне, үш тарау, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады. Тарау және бөлім атаулары зерттеу тақырыбының мазмұнын ашады.

Бірінші тарауда ізденуші Семей облысының экономикалық дамуы және ерекшеліктері, Семей облысында өнеркәсіп орындарының қалыптасуы мен даму, аймақтағы индустримальық өзгерістер кезеңіндегі өнеркәсіп орындары мен көлік қатынастарының қызметіне тарихи талдау жасай отырып, Семей облысында ауыл шаруашылығының даму тарихына зерттеу жүргізген.

Екінші тарауда Семей облысында әлеуметтік құрылымдардың қалыптасуы мен даму тарихына тоқталады. Сонымен қатар, Семей облысы еңбекшілерінің әлеуметтік жағдайы, аймақтың әлеуметтік-тұрмыстық әлауқатын арттырудың негізгі бағыттары басты нысанға ала отырып талдау жасаған.

Үшінші тарауда Семей облысының әлеуметтік-экономикалық даму тарихы және оқыту әдістемесі (1939-1997ЖЖ) жасалынып, Семей облысының әлеуметтік-экономикалық даму тарихын Қазақстанның қазіргі заман тарихы пәнінде оқытуудың мазмұны құрастырылған және Семей облысының әлеуметтік-экономикалық даму тарихын өлке тарихы пәнінің мазмұнда оқытуудың әдістемесі ұсынылған.

Корытындысы талапқа сай, міндеттіне сәйкес жасалғандықтан автордың өзіндік ойы мен пікірін көруге болады.

Диссертацияның әрбір бөлімі, әрбір тарауы корытындыланып, сонында жалпы корытындысы тұжырымдалған.

2. Диссертация талаптарына сәйкес ғылыми нәтижелері.

1 - нәтиже. Семей облысының экономикалық дамуы және ерекшеліктері зерделеніп, тақырыптың зерттелу деңгейі бойынша тарихнамалық тұрғыда талданған;

2 - нәтиже. Зерттеу жұмысында КР архивтерден тың деректер айналымға ұсынылып, оларға деректанулық талдау жасалынған;

3- нәтиже. Аймақтағы индустримальық өзгерістер кезеңіндегі өнеркәсіп орындары мен көлік қатынастарының қызметі нақты тарихи деректік тұрғыда зерделенген;

4- нәтиже. Семей облысының әлеуметтік-экономикалық даму тарихын өлке тарихы курсында оқыту әдістемесі арнайы курсы ретінде ұсынылған;

5- нәтиже. Семей облысының әлеуметтік-экономикалық даму тарихын Қазақстанның қазіргі заман тарихы пәнінде оқытудың жана әдістемесін зерделеп, жаңаша көзкараспен карастырған.

3.Докторанттың диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтиженің, корытындының негізділігі мен шынайылығының деңгейі.

Іздешілінің зерттеуі оның теориялық түрғыда негізделуі мен ғылыми аппаратын құруда кисындылығын бірізділігінен көруге болады. Зерттеу міндеттерінің накты аныкталуы, зерттеу әдістерінің тиімлі колдануымен тұжырымдалған әрбір нәтиженің іс жүзінде дәлелденуі, зерттеу барысында алынған мәліметтердің талдануы мен корытындылануы шынайылық дәрежесін көрсетеді. Зерттеу нәтижелерінің КР Білім және ғылым саласындағы Бақылау комитеті тізіміндегі журналдарда және шетелдік импакт-факторы бар журналда, монографияда, оку құралында, және оку-әдістемелік құралында жариялануы докторанттың диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтижесі мен корытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесін көрсетеді.

4.Докторанттың диссертацияда тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиженің, корытындының жаңашылдығының деңгейі.

1 - нәтиже. Жаңа. Семей облысының құрылу тарихы мен екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі экономикалық жағдайына талдау жасалып, соғыска бейімдел қайта құрудагы мемлекет тарарапынан жүргізген іс-шаралар аныкталып, баға берілген;

2 - нәтиже. Жаңа болып табылады. Зерттеу бойынша архив құжаттары мен баспасөз материалдарына алғаш рет тарихнамалық, дерекнамалық талдау жасалған;

3- нәтиже. Жаңа. Себебі, Семей облысының 1939-1997-ші жылдар аралығындағы әлеуметтік-экономикалық жағдайы кенестік саясаттың құрделі нысаналардан көрініс тапқан тұстарға арқау болған дерек көздері тың мұрағаттық құжаттар негізінде жарыққа шығып ғылыми айналымға енгізілді.

4- нәтиже. Жаңа болып табылады. Өйткені, «Отан және дүниежүзі тарихы» білім беру бағдарламасына арнайы таңдау компоненты ретінде Қазақстанның қазіргі заман тарихы элективті курсының мазмұныны ұсынылады. Сонымен қатар, оқытуда білім беру, жан-жакты дамыту және қалыптастыруға бағытталған әдістемелік нұсқаулар берілді.

5- нәтиже. Нәтиже жаңа болып табылады. Себебі Өлкетану тарихын оқытуда Семей облысының әлеуметтік –экономикалық дамуы мен қалыптасу ерекшеліктері, деңгейі мен құрамы жастардың туған өлке тарихына деген қызығушылығын арттырып, танымдық көкжиегін кеңейтуге қолданудың әдістәсілдері жасалынған.

5.Алынған нәтижелердің ішкі бірлігі.

Докторанттың аталған тақырыптағы диссертациясының ғылыми айқындағы компоненттері түгелдей қамтылған және құрылымдық мазмұны тиісті талаптар деңгейіне сай құрылған. Диссертацияның кіріспесінде тақырыптың өзектілігі, мақсаты мен міндеттері және әдіснамалық негізі айқын. Еңбектің ғылыми жаңалығы мен қорғауға ұсынылатын тұжырымдары нақты дәйектілігіне көз жеткізеді. Тарихнамалық базасы мен деректері толық ашылған. Тарау мен бөлімдердің мазмұны алдына қойған міндеттін ашады. Семей облысының 1939-1997 жылдар аралығындағы экономикалық және әлеуметтік дамуы және оқыту әдістемесін зерттеуде диссертант мақсатына жеткен.

6.Іздешінің қол жеткізген нәтижелердің осыған сәйкес теориялық және қолданбалы міндеттерді шешуге бағытталуы.

Байгапанова Айгуль Болатовнаның «Семей облысының әлеуметтік-экономикалық даму тарихы және әдістемесі (1939-1997жж)» тақырыбында дайындалған диссертациялық жұмысы практикалық маңызға ие. Бұл еңбектегі тұжырымдар жоғарғы оқу орындарында Қазақстан тарихы және Қазақстан экономикасының тарихы пәндерін оқытуда, әлеуметтік-экономикалық мәселелерге байланысты арнайы курсарды жүргізуде қолдануға болады. Іздешінің екі ендіру актісі бар. Диссертацияның қол жеткен ғылыми жаңалығы, жасаған қорытындылары білім беретін орта мектептерде, колледждерде, жоғары оқу орындарында оқу үрдісіне қолдануға болады. Ғылыми мақалаларды дайындау кезінде пайдалануға болады.

7.Жарияланған негізгі нәтижелер, қорытындылар мен диссертация қорытындысының негізделуі.

Зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелері мен қорытындылары 9 ғылыми басылымдарда жарияланған. Соның ішінде, 1 оқу құралы, 1 оқу-әдістемелік құралы, халықаралық конференция материалдарында, комитет бекіткен басылымдарда және жоғары рейтингілі Scopus базасына кіретін импакт-факторлы журналдағы мақалаларда жарық көрген.

8.Диссертацияның мазмұны мен рәсімделуі бойынша кемшіліктер мен ұсыныстар.

Диссертациялық жұмыстың жоғарыда аталып өткен оң тәтижелерімен қоса, оның мазмұны мен рәсімделуінде байланысты төмендегідей ескертпелер бар:

1 Зерттеу жұмысының қортындысы және ұсыныстары нақты жазылған, дегенмен жұмыстың тәжірибелі маңызын ашатында ұсыныстар қосу орынды болады.

2 Диссертациялық жұмыстың рәсімделуінде кейбір стилистикалық және орфографиялық қателер кездеседі.

Аталған кемшіліктер мен ұсыныстар іздешінің зерттеу жұмысында қол жеткізген нәтижелер құндылығы мен тұжырымдарының мәнін төмендептейді деп есептеймін.

9.Диссертациялық жұмыстың «Ғылыми атактар беру ережесінің» талаптарына сәйкестігі.

Қорыта айтқанда, Байгапанова Айгуль Болатовнаның «Семей облысының әлеуметтік-экономикалық даму тарихы және әдістемесі (1939-1997жж)» тақырыбында дайындалған диссертациялық жұмысы дербес, бірегей және толық аяқталған жұмыс болып есептеледі. Диссертациялық зерттеу жұмысы «Ғылыми дәрежелер беру ережесінің» қойылатын талаптарына сай келеді. Докторант А.Б. Байгапанова 6D011400 – «Тарих» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне лайық болып табылады.

Рецензент:

Аль-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің педагогика және білім
беру басқармасының профессоры,
педагогика ғылымдарының докторы,
Педагогикалық білім беру ғылымдарының халықаралық
Академиясының академигі,
Қазақстан Педагогикалық ғылымдар
академиясының академигі, Қазақстан ұлттық
жаратылыстану ғылым академиясының академигі

A.C. Магауова

